

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 301 (2015)

Development tendencies of special and inclusive education in Kazakhstan**G.I.Salgarayeva, Zh.B.Bazayeva**

E-mail: gulnaz_sal@mail.ru

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Key words: special education, inclusive education, information and communication technology, education of children with disabilities.

Abstract. Special and Inclusive Education in Kazakhstan is part of the general education system, and the state creates conditions for people with special educational needs in education. Inclusive education is a complex and complicated process that should involve government structures, parents, family, education institutions and non-governmental organizations. Therefore, the development of special and inclusive education in the country need a lot of energy and power.

Қазақстандағы арнайы және инклюзивті білім берудің даму тенденциялары**Г.И.Салгараева, Ж.Б.Базаева**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: арнайы білім беру, инклюзивті білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту.

Аннотация. Қазіргі заманда арнайы білім беру жалпы білім берудің ажырамас бөлігі және мемлекет мүмкіндіктері шектеулі балалардың тең құқылы білім алу үшін барлық жағдайларды жасап отыр. Инклюзивті білім беруді ендіру үдерісі кешенді сипатта және оған мемлекеттік құрылымдар, ата-аналар әлеуметі, отбасы, білім беру органдары мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар қатысу қажет. Мемлекет деңгейінде Бұл байланыстың тиімділігі, көбіне берілген жүйенің барлық түйіндерінің үйлесімділігі және күш-жігерлілігінің мақсатты бағыттылығына, сонымен қатар түрлі профилдегі мамандардың, денсаулық және әлеуметтік даму, білім және ғылым министрліктерінің бірлескен әрекеттеріне тәуелді болып табылады. Сол себепті, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытуда тек мемлекет емес, көптеген күш жігер қажет екені мәлім.

Арнайы білім беру жалпыға міндетті білім берудің бір бөлігі болып табылады және мемлекет арнайы білім беру қажеттіліктеріне ие адамдардың тең мүмкіндікті білім алуын қамтамасыз ету мақсатында жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының Заңнамасымен білім беру саласындағы құжаттарға сай дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың тең құқылы білім алу принципі қарастырылады.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу құқығының кепілі ҚР Конституциясында, Республикамыздың «ҚР балаларының құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау», «Әлеуметтік қызмет көрсету туралы» заңдарында бекітілген [1].

Республикамызда мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы үшін жағдай жасаудағы қызметтердің келесі бағыттары бар.

Бірінші бағыт – балалардың дамуындағы кемшіліктерді анықтау және түзету-педагогикалық жұмыстарды максималды ерте кезеңде ұйымдастыру. Мектепке дейінгі жаста дер кезінде көрсетілген қажетті көмек, балалардың оқудың басталуына дейінгі дамуындағы негізгі кемшіліктерді жояды және оны жалпы орта білім беру мекемесінде оқуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Республикадағы арнайы білім беру жүйесінің алғашқы буыны, баланың білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтерді алуға деген құқығын орнататын психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес болып табылады және олардың арнайы білім алу мүмкіндіктерінде қажеттіліктерін анықтайды (60 мың балаға бір ПМПК ашылады).

Қазіргі таңда мемлекетте 56 облыстық, қалалық, аудандық және бір республикалық ПМПК қызмет атқарады.

ПМПК-тің қажетті саны Астана қаласында (3), Шығыс Қазақстан обл. (7), Ақмола обл. (4), Батыс Қазақстан обл. (3), Қызылорда обл. (5), Павлодар обл. (4) және Солтүстік Қазақстан обл. (3) бар.

Алайда, кейбір облыстарда ПМПК саны жеткіліксіз. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 1883,6 мың бала санына 15 ПМПК орнына екеу, Қарағанды облысында 362,2 мың балаға қарастырылған 6 ПМПК орнына екеу, Алматы қаласында 283,6 мың балаға 5 ПМПК орнына екеу ғана қызмет атқарады.

ПМПК жүйесінің кеңейтілуімен дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтау әлдеқайда жақсарды. Егер, 2002 ж. дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың анықталған саны 115,2 мың болса, 2009 ж. қаңтар айындағы мәліметтерде анықталу пайызы 30,2% - ға өсіп 149,246 баланы құрады, бірақ дамыған мемлекеттерде ол 10% - дан жоғары (Ресей - 4%, Германия, Ұлыбритания, Швеция 10%-15%).

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды анықтаудың жоғары көрсеткіші Астана қаласында тіркелген – 555 бала немесе қалада анықталған дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының 11,7%.

2008-2010 ж. арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу үшін инклюзивті білім беру және түзету үшін 380 кабинеттің ашылуы қарастырылған. Бүгінгі күні 5 облыста және Алматы қаласында 87 кабинет ашылды, ал 2009 ж. 6 облыста және Астана қаласында 46 кабинет ашылды.

Балаларға және олардың ата-анасына кешенді түзету-педагогикалық көмек көрсетуге арналған білім беру ұйымдарының жаңа арнайы желісі дамып келеді.

Арнайы ұйымдар желісі 119 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінен, 15 оңалту орталықтан және 283 логопедиялық пункттен тұрады. Өкінішке орай, олардың аудандар бойынша дамуы біркелкі емес: Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында оңалту орталықтар, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында логопедиялық пункттер ашылмаған, бұл әсіресе ауыл аймақтарында тұратын түрлі категориядағы балаларға дер кезінде түзету-педагогикалық көмек көрсетуге кері әсерін тигізеді.

Екінші бағыт – балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып барлық категориялардағы балаларға білім беру құқығын жүзеге асыру үшін вариативті мүмкіндіктер жасау.

Қазіргі таңда Республикада мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру үшін білім берудің арнайы ұйымдардың дифференциаланған желісі бар, оған білім берудің түрлері мен типтері бойынша арнайы (түзету) ұйымдар, жалпы типтегі балабақшалардағы арнайы топтар және жалпы білім беру мектептеріндегі арнайы сыныптар:

35 арнайы балабақшада және жалпы типтегі балабақшалардағы 208 арнайы топтарда мектеп жасына дейінгі 10 мыңнан астам балалар тәрбие алады;

101 түзету мектептерінде және жалпы білім беру мектептеріндегі 208 арнайы сыныпта мектеп жасындағы 24 мыңға жуық балалар оқытылып, түзетіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушылар мен тәрбиеленушілер үшін арнайы білім беру мақсаттары:

- есту ауытқулары – сөйлеушінің ерін қимылдары арқылы және қалдық естуі арқылы ауызекі сөйлеуді қабылдау дағдыларын меңгеру, сөйлеуді дамыту;

- көру ауытқулары – оқу мен жазудың арнайы құралдарын және қоршаған орта кеңістігінде дұрыс бағдарлануды меңгеру;

- интеллект ауытқулары – барлық физикалық функцияларын түзету және дамыту, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану, өз бетімен еңбек етуге дайындау;

- тірек-қозғалыс аппаратының ауытқулары – өмір сүруді қамтамасыз етудің барлық дағдыларын максималды деңгейде меңгеру;

- сөйлеудегі күрделі ауытқулар – сөйлеу қарым-қатынасының коммуникативті дағдыларын меңгеру.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында 2009 жылы оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін және психофизикалық ауытқуларының дәрежесін ескеріп, оқытудың вариативтілігін қарастыратын Типтік арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жасалды:

1) танымдық мүмкіндіктері жас ерекшелік нормасына сай келетін сенсорлық, ауызекі, қозғалыс ауытқулары бар балаларға арналған мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай келетін білім беру;

2) танымдық мүмкіндіктерінің деңгейі жас ерекшелік нормасынан төмен, сенсорлық, ауызекі, қозғалыс ауытқулары бар оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне бейімделген жеке оқу жоспары, қысқартылған білім беруші оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылатын білім беру;

3) интеллектуалды ауытқулары бар балаларға арналған мектептердің арнайы бағдарламалары және жеке бағдарламалармен (күрделі ақыл-ой жетіспеушіліктері және көптеген ауытқулары бар балалар үшін) жүзеге асырылатын білім беру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін сапалы және қолжетімді арнайы білім беру қызметтері медициналық және психологиялық-педагогикалық түзетудің кешенді жүйесін көрсету арқылы іске асырылады:

- сыныптың 8-ден 12 баламен ғана толтырылуы;
- қорғаушы педагогикалық режим жасау;
- арнайы психологиялық-педагогикалық, жекелей және топтық сабақтарды арнайы педагогтармен жүргізу;

- арнайы оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану;

- Оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық (өтемдік) құралдарымен қамтамасыз ету.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мектептің дамыған оқу-материалдық және техникалық базасына тәуелді.

Бүгінгі таңда көруінде бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру түзету ұйымдары 60% -ға оқу машиналарымен, тифлокешендермен (мультимедиалық компьютерлік сынып: желіге қосылуға мүмкіндігі бар компьютерлер, экран қолжетімділігі және экранды үлкейту бағдарламалық жасақтамасы бар брайл экран); есту ауытқулары бар балаларға арналған қосымша мектептер - 56% -ға сымсыз және желілік оқу сыныптарымен, сенсорлы және жұмсақ бөлмелермен және 30% дамытушы ойындармен қамтамасыз етілген.

Республика бойынша ақпараттық желіге 33,4 білім беру түзету ұйымдарында қолжетімділік бар, орта есеппен 1 компьютерге 21,8 мүмкіндіктері шектеулі балалар саны келтірілген [2].

Өкінішке орай, арнайы жабдықтармен балабақшалар, сөйлеуінде ауытқулары бар, психикалық дамуында тежеулері бар балаларға арналған арнайы мектеп, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар, ПМПК, оңалту орталықтар, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, логопедиялық пункттер жабдықталмаған.

Осы категориядағы балаларға білім беру сапасын жақсартып, дамыту мақсатында 2005-2010 ж. білім беруді дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарламаның екінші кезеңінде келесі мәселелер қарастырылған:

- Жергілікті қазына есебінен дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға арналған білім беру ұйымдарын материалды-техникалық және оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтаудың минималды талаптар Ережесіне сай, түзету ұйымдарын жеткіліксіз жабдықтармен қамтамасыз етілсін;

- «Білім беруді ақпараттандыру» бағдарламасы аясында білім берудің арнайы түзету ұйымдарына заманауи мультимедиалық оқыту жүйелерін ендіру, ол дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған сапалы программалар және программалық кешендер түрінде арнайы білім беруді ақпараттық қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Үшінші бағыт – интегративті инклюзивті білім беруді дамыту.

Жақын арадағы жылдарда дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау жүйесін дамытудың перспективасы, интеграцияланған (инклюзивті) білім беру идеясы мен принциптерін жүзеге асыру болып келеді. Оның мақсаты, балаларды қоғамнан оқшауландыру емес, керісінше оларды дамуы дағдылы балалар ортасына ендіру, бірлесіп оқыту, олардың бос уақытын бірлесе отырып ұйымдастыру, оларға жұмыла қолдау көрсету болып табылады.

Мысалы, Шығыс Қазақстан, Алматы және Астана қалаларындағы жалпы білім беретін мектептерде орташа және күрделі дәрежелі ақыл-ой жетіспеушілігі бар балаларға (бұрын оқытуға жатпайтын және білім алу мен құрдастарымен қарым қатынаста болу мүмкіндіктері болмайтын) арналған арнайы сыныптар ашылды.

Сонымен қатар, оналту орталықтар, түзету мектептерінде және балабақшаларда эмоционалды-еріктік сфера және мінез құлықтың анық бұзулары бар, дамуындағы күрделі құрама және өзге де ауытқулары бар балаларға арналып экспериментальды топтар және сыныптар ашылды.

Арнайы мектепте сөйлеудегі күрделі бұзылуларынан арылған оқушылар жалпы білім беру үдерісінде сәтті бейімделеді және қажет болғанға дейін логопед маманның көмегіне жүгініп отырады. Тек осындай қолдау көрсетуде ғана сөйлеудің бұзылулары бар балалар, сөйлеу ауытқулары жоқ құрдастарымен бірге жалпыға міндетті білім беру стандартын меңгере алады. Мұндай тәжірибе, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында аутизм дертіне шалдыққан балаларды оқыту түрінде ұйымдастырылған.

Бүгінде тиімді әдіс ретінде, бұрыннан бар түзету білім беру ұйымдар желісін сақтау және интегративті (инклюзивті) білім берумен параллель жетілдіру болып табылады. Түзету ұйымдары, жалпы білім беру мектептерінің педагогикалық қызметкерлеріне әдістемелік көмек, оқушылар мен олардың ата-анасына кеңестік және психологиялық-педагогикалық түзетуші көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орталықтар қызметтерін атқарады.

Ақтөбе және Орал қалаларының қосымша мектептер базасында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған ресурсты (кеңес беруші) орталықтар ашылды.

Барлық түзету мектептерінде медициналық-педагогикалық консилиумдар ұйымдастырылып, қызмет атқарып жатыр.

Инклюзивті білім беруді ендіру үдерісі кешенді сипатта және оған мемлекеттік құрылымдар, ата-аналар әлеуметі, отбасы, білім беру органдары мен ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар қатысу қажет.

Инклюзивті білім беруді ендіру үдерісінің алғашқы кезеңінде арнайы және жалпы білім беру салаларындағы нормативті-құқықтық базаның үйлесімділігі қарастырылу міндетті. Осы мақсатта мынадай жобалар жасалды:

- "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытатын білім беру ұйымдарының ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын іске асыру шарттары" мемлекеттік стандарттар жобасы;
- Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту Концепциясы жобасы;
- бірнеше оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар қабылданды;
- оқыту нәтижелерін, бағалау үшін арнайы зерттеулер жүргізілді (Қазақстанның әлеуметтанушылар және саясаттанушылар бірлестігімен "САТР" Орталығының техникалық тапсырма аясында " Мүмкіндігі шектеулі балаларға, туғаннан мүгедек балаларға және мүгедек балаларға инклюзивті білім беру мүмкіндіктері" атты әлеуметтік зерттеулер, САНДЖ, ЮНЕСКО және басқа да үкіметтік емес ұйымдардың зерттеулері жүргізілді).

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы білім беруші оқу бағдарламаларымен қамту мәселесі облыс, Алматы және Астана қалаларының әкімдерінің рейтинг бағаларының көрсеткіштерін мониторингіне енгізілген.

Бұл мәселенің оң шешімі келесі облыстарда табылды - Шығыс Қазақстан облысында анықталған мүмкіндіктері шектеулі балалардың 80% арнайы білім беру қызметтерімен қамтамасыз етілген, Қостанай - 61%, Қарағанды - 69%, бұл жалпыреспубликалық көрсеткіштің 38,0% құрайды. Республикалық деңгейден төмен Оңтүстік Қазақстан - 11%, Маңғыстау - 14% көрсетеді.

Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың сапалы білім беру қызметтерін алу құқықтарын қанағаттандыру үшін келесі жұмыстар жалғастырылуда:

- арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының желісін кеңейту, арнайы оқулықтар және құралдармен қамтамасыз ету арқылы "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуші қолдау көрсету туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру;
- балаларда психофизикалық ауытқулардың бар жоғын анықтауға арналған скринингтер негізінде ерте диагностикалау, түзетуші-педагогикалық қолдау көрсету және олардың психофизикалық дамуындағы тежелуі анықталған жағдайда дер кезінде психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беруге жіберу жүйесін жетілдіру;
- мүгедек балаларды түзетуші-дамытушы оқытуды ендіру үшін жалпы орта және кәсіптік білім берудің вариативті және икемді жүйесін құру;
- дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды сүйемелдеу концепциясын жасау арқылы инклюзивті білім беруді дамыту үшін мүмкіндіктер жасау;

- арнайы білім беруді басқару сапасын арттыру мақсатында арнайы білім беру үдерісіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ендіру;

- дамуында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың тұлғасын әлеуметтендіру және тәрбиелеуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды асыруда және қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайындауда бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста болуы [3].

Бұл байланыстың тиімділігі, көбіне берілген жүйенің барлық түйіндерінің үйлесімділігі және күш-жігерлігінің мақсатты бағыттылығына, сонымен қатар түрлі профильдегі мамандардың, денсаулық және әлеуметтік даму, білім және ғылым министрліктерінің бірлескен әрекеттеріне тәуелді болып табылады.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Закон Республики Казахстан от 11 июля 2002 года N 343 "О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями"

[2] Д.С.Ковалев. *Место и роль компьютерных технологии в системе образования детей с ОВЗ*, Коррекционная педагогика. -2013., №3. - с. 76-78.

[3] Е.С. Дорохова, *Организация инклюзивного образования в системе ДОД*, Дополнительное образование и воспитание. – 2010., № 1. – с. 27-33.

REFERENCES

[1] Zakon Respubliki Kazahstan ot 11 ijulja 2002 goda N 343 "O social'noi i mediko-pedagogicheskoi korrekcionnoi podderzhke detei s ogranichennymi vozmozhnostjami" (in russ)

[2] D.S.Kovalev. *Mesto i rol' komp'yuternyh tehnologii v sisteme obrazovanija detej s OVZ.*, *Korrekcionnaja pedagogika*. 2013., №3. s.76-78. (in russ)

[3] E.S. Dorohova, *Organizacija inkljuzivnogo obrazovanija v sisteme DOD*, *Dopolnitel'noe obrazovanie i vospitanie*. 2010., № 1. s. 27-33. (in russ)

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Г.И.Салгараева, Ж.Б.Базаева

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: специальное образование, инклюзивное образование, информационно-коммуникативные технологии, обучение детей с ограниченными возможностями здоровья.

Аннотация. Специальное и инклюзивное образование в Казахстане является частью системы общего образования, и государство создает условия для лиц, имеющих специальные образовательные потребности в получении образования. Внедрение инклюзивного образования является комплексным и в этот сложный процесс должны вовлечены государственные структуры, родители, семья, организаций образования и негосударственные организаций. Поэтому в развитии специального и инклюзивного образования в государстве нужно немало сил.

Salgarayeva G.I.

Candidate of technical sciences, professor, Department of Computer Science and Applied Mathematics, Physics and mathematics faculty

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Development tendencies of special and inclusive education in Kazakhstan

Bazayeva Zh.B., Master of Pedagogical sciences, teacher